

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

кәсіби біліміне және бағытына қарамастан, гендерлік мәселе баршаға қызықты, қажетті де маңызды мәселелердің бірі болып қалмақ.

Қолданылған әдебиеттер

1. Нишанбаева С.З. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасыадамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. - Алматы, 2019. -175б.
2. Баласағұн Ж. Құтты білік. - Алматы: Жазушы, 1986. - 358 б.
3. Коломийченко, Л.В. Социальное воспитание детей в культурологической парадигме образования. - Пермь: Перм. гос.пед. ун-т., 2017. - 155 б.
4. Гахраманова Г.Н. Исследование социальных механизмов формирования гендерных различий // XXI век: итоги прошлого и проблемы настоящего плюс. -2017. Т. 2. № 1 (23). Б. 56-62.
5. Степанова Н.В., Петрова В.Н. Влияние гендерных установок в ситуации конфликта на поведение в межличностных конфликтах юношей и девушек // Вектор науки Тольяттинского государственного университета. Серия: Педагогика, психология. 2021. № 3. С. 207-209.
6. Шағырбаева М.Д. Қазақ қыздарының тәрбиесі туралы педагогикалық ойлардың даму тарихы және тенденциялары. - Алматы, 2010. -75б.

ОӘЖ 178.339

АУТИСТ БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Ульярова Самал, магистрант

samal-nice@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші -Байсарина С.С., п.ғ.к., доцент

Аутизм - ми дамуының бұзылуынан туындайтын және әлеуметтік өзара әрекеттесу мен қарым-қатынастың айқын және жан-жақты жетіспеушілігімен, сондай-ақ шектеулі мүдделермен және қайталанатын әрекеттермен сипатталатын ауытқу болып табылады. Бұл ұғымды 1912 жылы Э.Блейлер адамның ішкі эмоциялық қажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы аффективтік саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізген [1].

Аутизм ауруын бірінші ашып зерттеген америка психиатрі Лео Каннер. Балалық аутизмді әр түрлі болады және зиятпен сөйлеу дамуының деңгейлері әр түрлі болады. Л.Каннер бойынша ерте балалық шақтағы аутизм синдромы келесі үш көрсеткішті біріктіреді: аутистикалық уайымдар, стеротипі, үйреншікті, бір қалыпты мінез-құлық, сөйлеу тілінде ерекше сипаттағы кемістіктер.

Аутист балалардың есте сақтау қабілеттілігі жоғары болады. Математика және музыка салаларында дарынды, тіпті бірнеше тілдерді меңгеруі де мүмкін. Жалпы, аутизм белгілері үш жасқа дейін байқала бастайды. Аутизмнің себептері мидағы синаптикалық байланыстардың жетілуіне әсер ететін гендермен тығыз байланысты, дегенмен аурудың генетикасы күрделі және қазіргі уақытта аутизм спектрінің бұзылуының пайда болуына не әсер ететіні белгісіз. Сирек жағдайларда аурудың туа біткен ақауларды тудыратын заттардың әсерімен байланысы анықталады. Аутист бала сұрақ қоймайды және жауап та бермейді, мимика, ым-ишарат (жест) арқылы қарым-қатынас жасаудан бас тартады [2].

Аутист балаларды 4 топқа бөлуге болады:

А) Аурудың ауыр көрінісімен сипатталатын топтағы балалар безүшлік, ортадан оқшаулау, еш нәрсеге көңіл аудармау ерекшеленеді, көп уақытын түңілумен өткізеді. Мұндай балалар

сөйлемейді, адамдарға, адамның көзіне және бір нәрсеге көзін тікпейді, күлмейді, жыламайды. Атын атап шақырғанда үндемей, дыбыс шығармай, ешқандай реакция білдірмейді. Олар бір жері ауырып жарақаттанса, қарындары ашып, тоңғанды сезбейді. Үй ішінде бағытсыз ары-бері жүреді, жиһаздардың үстіне шығады, терезенің алдында бірнеше сағаттар бойы отыра береді. Үлкен адам мұндай баланың назарын аударайын деп тырысқан жағдайда, бала айқайлайды, жылайды, төбелеседі, түкіреді, тырнайды, яғни қатты қарсылық көрсетеді.

Б) Бұл топтың балалары адамның көзіне тіке қарамайды, басқа нәрселерге де көзін тіке қадап, бағытты түрде қарай алмайды, бірақ нәрселердің өздері, өздерінің түрлері мен дыбысымен сыртқы пішінімен балалардың назарын өздеріне аудартады. Мысалы: кілем немесе алаша біткенше жүре береді. Бұл балалардың бір қалыптылығы сағаттар бойы терезеде отырып бір бағытқа қарап отыра береді. Ал бір зат керек болса, олар үлкен адамды ертіп апарып, керекті затқа қолын салады.

В) Балалар аздап белсенді, олар қоршаған ортадан толық бөлінбеген, бетінде қорқыныш бар, қимылдары еркін емес, сөздері түсініксіз, бір сөзді қайталай береді, тілі күрмеліп сөйлейді, қимылдары импульсивті, яғни кенеттен жүгіріп кетеді, өзін-өзі жарақаттайды. Бұл топтағы балалар өте дауласқыш, еш өкінбейді, барлығын керісінше жасайды. Бала өзіне ұрысқанды қалайды, тек өзі сөйлейді, ешкімді тыңдамайды, сөйлеткізбейді. Сөйлегені өте жылдам, дыбысы қатты. Сөзі монолог түрінде. Кейде ересек адам сияқты, күрделі сөздермен сөйлейді, бірақ мағынасын түсінбейді. Сөз қоры жақсы, бірақ та диалог құрастыра алмайды.

С) Бұл балаларда аутизмнің жеңіл түрі өтеді. Балалардың мимикасы шектеулі, алаңдаушы болып келеді, сондықтан сөздері жай, көздеріне қарай алады, бірақ тұрақсыз. Олар ұялшақ, жасқаншақ болып келеді. Олар өтірік айту, алдауды білмейді.

Ресей ғалымдарының мәліметтері бойынша уақытымен түзетушілік көмек көрсетілген жағдайда аутист балалардың 60% жалпы білім беру бағдарламалары бойынша, 30% арнайы білім беру бағдарлама бойынша оқуға қабілетті, ал 10% отбасында әлеуметтенуге мүмкіндіктері бар. Бірақ түзетушілік көмексіз қалған жағдайдағы балалардың 75% әлеуметтік ортаға бейімделе алмайды, 22-23 % шамалы бейімделеді, тек 2-3 % әлеуметтік бейімделудің жеткілікті деңгейіне жетеді.

Аутист балаларға арнайы көмек көрсету жүйесі өткен ғасырдың 60 жылдарында алғаш рет АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінде қалыптасуын бастаған. Еуропада ең бірінші аутист балаларға арналған мектеп Данияда 1920 жылы ашылған. Кейін кейбір жеке меншік мекемелер аутист балаларға көмек көрсетуді бастаған, бірақ ол кезде нақты оқыту мен түзетудің әдіснамалық, ғылыми негіздемесі болмаған.

Қазіргі уақытта балалық ерте шақтағы аутизмді түзетудің әдістемелік негіздері әр түрлі. Жиі кездесетін бихевиористік психологияның негізінде операнттық оқыту немесе мінез-құлықтық емдеу болып табылады. Бұл түзету әдісі АҚШ-та және басқа да елдерде кеңінен тараған. Әдістің негізі қажетті қылықты, әрекетті қалыптастыру үшін сыртқы жағдайларды арнайы қамтамсыз ету, әлеуметтік-тұрмыстық бейімделу, сөйлеу тілін дамыту, оқу немесе еңбек ету дағдыларына үйрету. Бұл әдіс бойынша оқытылған балалардың 50-60 % жалпы мектеп бағдарламасын меңгере алады, кейін орта, жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыра алады.

Операнттық оқыту әдістен басқа шет елдерде ТЕАССН атты бағдарлама (Э.Шоплер, Р.Райхлебер), холдинг терапия (М.Уелш) күнделікті өмір сүру жағдайын қамтамсыз ету арқылы емдеу (К.Китахара) т.б тәжірибеде жиі пайдаланады.

Ресейлік тәжірибеде ең танымал К.С.Лебединская мен О.С.Никольскаяның аутизмді түзетудің кешенді медициналық-психологиялық-педагогикалық әдістемесіне негізделген. Бұл әдістеменің негізгі ерекшелігі дәрігер, педагог пен психологтардың бірлесе, тығыз байланыста жұмыс жасауы болып табылады. Өткен ғасырдың ортасынан бастап балалық ерте жастағы аутизмді зерттеулер басталуына қарамастан, қазіргі уақытқа дейін арнайы кешенді көмек

көрсету жүйесі құрастырылмаған. Бұл жерде кейбір балаларды жалпы мектептегі арнайы сыныптарда оқыту тәжірибесі бар екенін айту керек. Бірақ сол балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қажеттілігі негізгі талап болып табылады.

Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері толық зерттелмеген. Жалпы, ғалымдардың деректері бойынша, аутизмі бар балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Тұқымқуалаушылық фактордың әсері де бар екенін көптеген зерттеушілер нақтылайды. Сонымен бірге мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларда жиі кездеседі. Тұқым қуалаушылық хромосомалық өзгерістер, зат алмасу өзгерістері, анасы жүкті және туу кезінде алған жарақаттар, нейроинфекциялар, тағы басқа жағдайлардың да жағымсыз әсер ету мүмкіндігі бар. Аутизмнің пайда болу себептерін түсіндіретін нақты дәлелденген ақпараттар аз зерттелген, кейбір зерттеулерде балаларға қызылшаға және басқа да ауруларға қарсы егілетін екпе салдарынан пайда болады деген де болжам болған. Бірақ уақыт өтісімен, көптеген зерттеулер нәтижесінде бұл болжам жоққа шығарылды. Ал, психоаналитиктердің ойынша, баланың алғашқы даму кезеңіндегі «ата-ананың эмоциялық салқындығы» да себеп болады [3].

Аутизмнің пайда болуына орталық жүйке жүйесінің түрлі себептермен зақымдалуымен байланысты, оған мыналар түрткі болуы мүмкін:

-жүктілік және туу кезінде түрлі патогендік факторлардың әсер етуі, яғни нейроинфекция, вирустық инфекция, жарақат, асфиксия және т.б. Мұндай жағдайда аутизмді аурудың салдарынан болған жүйке жүйесінің резидуалды-органикалық күйі деп қарастырады;

-биохимиялық, нейробиохимиялық және метаболикалық ауытқулар. Арнайы зерттеулер, жұлын сұйықтығы, қан, несеп сараптамалары көрсеткеніндей, аутистикалық симптомдар физиологиялық тұрғыдан белсенді заттар серотонин, катехоламин және дофаминнің алмасуының бұзылуынан болады. Биохимиялық өзгерістер мен аутистикалық белгілердің арасындағы байланыстың бар екенін дәлелдейтін зерттеулер бар [4].

Аутизмнің алғашқы белгілеріне тоқталатын болсақ, белгілер баланың үш жасына дейін анық байқалады. Әдетте, ер балаларда жиі кездеседі. Ата-анасы баланың құрдастарымен салыстырғанда кеш дамып, әлі сөйлемегенін байқайды. Алғашында бала естімейтін сияқты болып көрінеді, бірақ тексеру барысында нәтижесі олай еместігін көрсетеді. Мұндайда баланың жалпы дамуы тежеледі, мінезі тұйықтала түседі. Атын атап шақырса, елең етпеуі де мүмкін, өзге балалармен де ойнамайды, танып-білуге ұмтылмайды. Тіпті жаңа ойыншық та оны қызықтыра алмайды, яғни, мұндай балада қалау, сағыну, аяныш, өкініш, қамқорлық сияқты сезімдердің ешқайсысы болмайды. Өз әлемінде, өзімен-өзі өмір сүреді. Тәулік бойы ұйықтамай жүре беруі мүмкін, ештеңені қажет етпейді. Кейде бала сөйлеуді бастайды, бірақ біраз уақыт өтісімен, сөйлеу қабілетін қайта жоғалтады, күнделікті қылықтары қайталанатын, күнде бір ойыншықпен және жалғыз ойнайды. Тіпті ойыншықтың тек бір бөлігімен ғана, мәселен, тек қолымен немесе басымен ойнауы мүмкін. Күнделікті қайталанатын тәртіптің өзгеруін бала қиын қабылдайды. Ата-аналарының айтуынша, бала көзге тіке қарамайды, сондықтан көбінің зияткерлік қабілеттері де төмен [5].

Аутист-балаларды оқытуда кешенді түзете-оқытуда жаңа технологияларды қолдану оқу материалын визуалды түрде елестете алу қабілеті болып табылады. Қоғамның және білім беру жүйесінің қазіргі кездегі дамуы түрлі іс-әрекеттердің интенсификациялық үрдісінің өсуіне байланысты болып келеді. Болашақ білім беру жүйесі мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім берудің көп бөлігі жаңа технологияларға негізделіп, қозғалмалы ойын және ақпараттық технологияларды қолданудан тұрады.

Тәжірибе көрсеткендей, кешенді түзете-оқыту әдістері мақсатты түрде аутист балаларды түзете оқыту және тәрбиелеуде пайдалану балалардың жан-жақты дамуына, түзету мен

толықтыру жақтарына психологиялық-педагогикалық жағдай жасап, әр баланың тұлғалық ерекшеліктерін ескереді.

Түзете-оқыту үрдісінде кешенді түзете-оқыту әдістерін қолдану бала ағзасының компенсаторлы мүмкіндіктерін белсендіріп, ауытқушылықтарды жеңуге, алдын алуға мүмкіндік туғызады. Осы толықтырудың негізінде мүмкіндігі шектеулі балалардың қабылдаудың сақталған түрін жүзеге асыру және баланың психикалық функцияларын дамыту қолайлы жүзеге асады.

Ақпаратты көрнекі түрде көрсету қандай іс-әрекет болсын оның әсерлілігін жоғарылату арнайы білім беруде маңызы зор. Заманауи құралдарды, диагностикалық әдістерді және технологияларды қолдану баланың тек сол кездегі ғана функциясын анықтамай, сол кезде пайда болатын объективті қиындықтарды анықтап, оларды қолжетімді тәсілмен жеңуге көмектеседі, мұндай тәсілдерге төмендегі әдістемелер арқылы жетуге болады:

«Сенсорлық интеграция» әдістемесін қолдану.

Көп адамдар денесін сезініп, сезімдерін сәйкестендіріп, қоршаған ортаны сол арқылы тануға тырысады. Ал аутизм диагнозы бар балаларға ол қиынға соғады.

Сенсорлы интеграция терапиясы баланың қоршаған орта тітіркендіргіштеріне тым қозып отырғанын немесе қоршаған ортаның аса әсер етпегенін болжап, анықтауға көмектеседі. Осылайша, сенсорлы интеграцияның мақсаты - мидың сенсорлы ақпаратты өңдеуін жүзеге асыру. Сол арқылы бала күнделікті өмірде сол ақпаратты қолдана алады.

Сенсорлы интеграцияның мысалдары:

- гамакта тербелу (кеңістікте бағдарлануы дамиды);
- музыкаға билеу (есту жүйесі дамиды);
- бұршақ толтырылған қораптармен ойын (тактильді сезімдерін дамытады);
- туннельде жорғалау (кеңістікте бағдарлану және жанасуы дамиды);
- қозғалып тұрған шариктерге жанасу (көру сезімі мен тактильді бағдарлануы дамиды);
- орындақта айналу (тепе-теңдік және көру қабілетіне әсер етеді);
- бөренеде тепе-теңдік ұстап тұру (тепе-теңдік сақтауы дамиды) [6].

Ақпараттық технологияны қолдану әдісі бойынша «Дэльфа–142,1» тренажерін қолдану.

«Дэльфа–142.1» логопедиялық тренажеры баланың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін жан-жақты дамыту, түзету бағдарламасының кешені түрі болып табылады. Ол кез- келген дыбыс, әріп, буын, сөз, сөйлем сияқты сөйлеу тілінің бірліктерімен жұмыс жүргізуге, мынадай логопедиялық міндеттерді: сөйлеудің грамматикалық-лексикалық жақтарын дамыту мақсатымен тыныс алуды және дауысты түзету, сөйлеу бұзылыстарын түзету үрдісіне ойын элементтерін қосу, сөздік материал мен жаттығу типтерін жан-жақты қарастыруға, түрлі мақсатқа сай материалдарды қолдануға, яғни суреттер, әріптер, буындар, сөздер, сөйлемдер арқылы баланың жеке мүмкіншіліктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар беруге, логопедиялық жұмыспен қатар баланың қабылдауын, зейінін, еске сақтауын дамытуға мүмкіндік береді.

Тренажерлар зиятында ауытқуы бар, тірек-қимыл аппаратында бұзылысы бар, сөйлеу бұзылысы бар балалардың психологиялық ерекшеліктеріне және қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес жасалады.

Жаттығулардың құрылымы:

«Дыбыс» мәзірі:

- «Мерекелік торт», «Алау», «Шырша», «Шалқан» және «Бұршік» ойындары дұрыс, сапалы, бір қалыпты тыныс алуды қалыптастыру үшін берілген. Сонымен қатар бұл жаттығулар ринолалиясы және ринофониясы бар балалардың мұрындық реңкін түзеуге қолданылады;
- «Көбелек», «Ертегілік сарай» және «Диірмен» ойындары бірлескен сөздерді немесе сөз тіркестерін айтуға ықпал етеді;

- «Бауырсақ», «Сусиыр» және «Жанартау» жаттығулары экрандағы жануарлардың әрекетіне қарап, түрлі дауыстағы дыбыстарды айтуға көмектеседі. Мысалы, сусиыр аузын қатты ашқан сайын «а» дыбысы қатты шығады;

- «Ғарыш атқышы» және «Отшашу» жаттығулары қысқа дыбыстарды жылдам әрі анық айтуға ықпалын тигізеді;

- «Паровоз» және «Батпырауық» жаттығулары дауыссыз дыбыстарды айтуға септігін тигізеді. С, ш, х және ф дыбыстарын дұрыс айтқанына қарай паровоздың түтіні күнге, әуе шарына, жалауға дейін көтеріледі. Дыбыс айту дұрыс болмаса, паровоз түтіні өзгереді.

«Әріп» мәзірі:

- «2 бөліктен әріп құрастыр», «4 бөліктен әріп құрастыр», «Әріп жина» әріптің оптикалық контурын бекітуге арналған. Олар деңгейлерге байланысты бөлінеді. Осы үш тапсырмада бала құрастыратын әріпті таңдай алады;

- «Суреттер» сөздегі алғашқы әріпті табуға, анықтауға арналған. Сонымен қатар ұқсас әріптерді анықтауға ықпал етеді;

- «Том және Тим» дауыссыз дыбыстардың жұмсақ-қаттылығына қарай дыбысты талдауын қалыптастырады.

«Буын» мәзірі:

- «Сиқырлы құдық» жаттығуы алғашқы оқу дағдыларын қалыптастыруға арналған. Сол арқылы балалар қиын буынды сөздерді айтуға жаттығады.

«Сөз» мәзірі:

- «Тығылмаш» жаттығуы арқылы сөзге дыбыстық талдау жасауға жаттығады. Стимулды материалды таңдауға байланысты (суреттер, аудио) фонемды қабылдауын жан-жақты дамытуға болады;

- «Мозаика» жаттығуы сөздің жазылуын тануға және сөзді тұтас оқуға үйретеді. Еске сақтау мен қабылдауды түзетеді.

«Сөйлем» мәзірі:

- «Сөйлемді қалпына келтір», «Сөйлем құрастыр», «Түсіп қалған сөзді қой», «Сөйлемді аяқта» жаттығулары сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық жақтарын дамытуға арналған. Ол балаға сөздер мен сөйлем арасындағы мағыналық және грамматикалық байланысты қоюға жаттықтырады.

«Мәтін» мәзірі:

- «Мазмұндау», «Әңгімелеу», «Сурет бойынша әңгімелеу» жаттығулары байланыстырып сөйлеу тілін дамытуға арналған. «Мазмұндау» бөлімінде берілген тақырып бойынша әңгімелеуге арналған көмекші сөздер, сұрақтар, сөздіктер берілген. «Суретке қарап әңгіме құрау» бөлімінде суретшілердің 21 түрлі картиналары берілген (портрет, сюжетті суреттер, пейзаж). Әр суретке, оның эмоциялық мағынасына сәйкес музыкалық үзінді таңдалған. Ол баланың суретті сипаттауына көмектеседі.

«Сөздікпен жұмыс» және «Белсенді сөздігін қалпына келтіру»:

Тренажерда базалық сөздік енгізілген. Ол жалпы көлемі бойынша 4,5 мың сөзден тұратын 63 сөздіктен тұрады. Ол жалпы және тақырыптық сөздер («Киім», «Тамақтар», «Мектеп» т.с.с.), сонымен қатар сөздіктер фонетикалық принцип бойынша құрылған). Баланың жеке мүмкіншіліктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар беріліп, логопедиялық жұмыспен қатар, баланың қабылдауын, зейінін, еске сақтауын дамытуға мүмкіндік берілді [2].

Аутизмі бар балалардың оқытуда, қарым-қатынасқа түсуін, әлеуметтік ортаға бейімделуін, сөйлеу тілін қалыптастыруда, психикалық үрдістерін дамытуда кешенді түзете-оқыту әдістерін жүйелі қолданып, пайдалану үдерісіне сараптаулар мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік беріп отыр:

-тәжірибелік топтағы балалардың психикалық функцияларын қалыптастыру сапасы жоғарылады;
-аталмыш жаттығуларды, тапсырмаларды орындауда балалардың белсенділігі, қызығушылығы арта түсті;
-аутизмі бар балаларға жүргізілген эксперименттен кейін балалар мен педагог арасындағы қарым-қатынас жаңа қарқын алды;
-аутизм диагнозы бар балаларға эксперимент жүргізу нәтижесінде жақсы нәтиже көрсетілді.

Жалпы, аутизмі бар балалармен жүргізілген жұмыс нәтижесі бойынша зерттеу болжамдарының дұрыс екені дәлелденіп, аутизм диагнозы бар балаларды оқытуда кешенді түзете-оқытудың, заманауи әдістерді пайдаланудың тиімділігі көрсетілді, олармен жұмыс жүргізу барысында кешенді түрде әдістерді қолдану баланың сауығуына барынша мүмкіндік береді, қарым-қатынас орнату оңайға түседі, қызығушылығы оянады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Щипицина Л.М. Детский аутизм. -СПб.: Дидактика Плюс. -2018.-120б.
2. Мамайчук И.И. Помощь психолога детям с аутизмом. -СПб.: Речь, 2017. -35б.
3. Юханнсон И. Особое детство. -М.: Центр лечебной педагогики. -2021. -130б.
4. Аршатская О.С. Психологическая помощь ребенку раннего возраста при формирующемся детском аутизме. -Москва: Центр лечебной педагогики. -2018. -46-56б.
5. Питерс Т. Аутизм: от теоретического понимания к педагогическому воздействию. -СПб.: Ин-т специальной педагогической и психологии. -2019. -150б.

ОӘЖ 378. 412

ВОЛОНТЕРЛІК ІС-ӘРЕКЕТ ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Умбетхан Нурсаулеш, магистрант
nursaulesh@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: А.И.Айберген - п.ғ.к., доцент

Волонтерлік - әрбір жеке тұлғаның азаматтық сана-сезімі мен рухани принциптерінің және адамгершілік қасиеттерін білдірудің бір нысаны болып табылады. Мәні мен мазмұны «ақысыз, саналы түрде өз еркімен өзгелердің игілігіне «жасалған іс бола тұрып, волонтерлік «азаматтық қоғамның фундаменти болып саналып, «адамзаттың татулық, бостандық, қауіпсіздік, өзге мемлекеттердің халқына әділдікпен қарау» сынды ұмтылыстарына қол жеткізулеріне мүмкіндік тудырады [1].

Еріктілер - бұл өз ынтасымен азаматтық қоғамның игілігі үшін әрекет ететін, өзінің білімін, уақыты мен күшін материалдық сыйақы алуға немесе ақы төленетін жұмысқа емес, бірлескен әлеуметтік күш үшін арнайтын адамдар. Ерікті қызмет белгілі бір міндет бойынша бірлесіп жұмыс жасау достық пен өзара түсіністікті құрудың тиімді әдістерінің бірі деген идеяға негізделген, ал жобалар диалогтың, әр адамның қабілетіне қарай жұмыс істеу мүмкіндігінің негізі болып қызмет атқарады.

Қазіргі уақытта әлемде бірқатар халықаралық волонтерлік бірлестіктер бар, олар әлемдік ауқымдағы волонтерлік принциптің жұмысында шешуші және ғаламдық рөл атқарады. Ерікті ұйымдардың әлемге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуде және оны білдіру құралдарымен қамтамасыз етудегі рөлі әлемдік деңгейде өсіп келеді.